

АЛТЫН АСТЫҚ

4 қараша - ноябрь 2024 год

eginredaksiya.kz

№ 42(616)

Президенттің тапсырмасы бойынша мемлекетке қайтарылған қаражат есебінен Түркістан және Ақмола облыстарында әлеуметтік нысандар салынады

Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комиссия «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң шеңберінде жұмысын жалғастыруда. Барлық қаражат әлеуметтік пайдалы мақсаттарға одан әрі қайта бөлу үшін Арнаулы мемлекеттік қорға жіберіледі. Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ақмола облысының Зеренді ауылында құны 2,1 млрд теңге болатын спорт кешенін және Түркістан облысының Темірлан ауылында 890 млн теңге сомаға музыка мектебін салу жөніндегі алғашқы екі әлеуметтік жобаны іске асыруға Арнаулы мемлекеттік қордан қаражат бөлу туралы шешім қабылдады, - деп хабарлайды Primeminister.kz.

Бұл бастамалар тұрғындарды білім беру және спорттық қызметтермен қамтуды арттыру үшін ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған.

Мәселен, Ақмола облысының Зеренді ауылында ауданы 6 мың м² асатын, бір ауысымда 80 адамды қабылдайтын спорт кешенін салу жоспарланып отыр. Нысан белсенді тұрғындарға бос уақытытын тиімді өткізуге мүмкіндік береді – ауданда 14,5 мыңнан астам адам жүйелі түрде спортпен шұғылданады. Жобаға сәйкес, орталықта күрес, бокс, шаңғы тебу сынды спорт түрлерімен айналысу үшін жабдықталады, 2 жаттығу залы қажетті құрал-жабдықтармен қамтылады. Сондай-ақ кешенде спортшыларды жаттықтыру мен сауықтыру жұмыстарын сапалы әрі тиімді жүзеге асыру үшін қажетті құрал-жабдық және басқа да қосалқы үй-жайлар қарастырылған. Түркістан облысындағы Темірлан ауылында 300 орындық жаңа өнер мектебін салу жоспарланып отыр. 1974 жылы қабырғасы қарқастан салынған қазіргі ғимарат заманауи санитарлық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай емес, күрделі жөндеуге жарамайды. Соған қарамастан бүгінгі таңда кешен жұмыс істеп тұр – орталықта 420-ға дейін бала оқиды, бұл оның қазіргі қабылдау мүмкіндігінен 2 есеге артық, 45 мұғалім сабақ береді. Жаңа жоба ауылда өнер саласында қосымша сапалы білім алуға жағдай жасайды. Балалар жайлы ортада музыкамен, хореографиямен айналысуға мүмкіндік алады.

Бүгінгі таңда Арнаулы мемлекеттік қорда 177 млрд теңге жинақталған. Бұл қаражаттың барлығы әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар салуға, басқа да әлеуметтік маңызды мақсаттарға, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру, бұқаралық спорт және өзге салалардағы жобаларды іске асыруға бағытталады.

Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері жөніндегі комиссияны ҚР Премьер-министрі басқарады, жұмыс органы – ҚР Бас прокуратураның Активтерді қайтару жөніндегі комитеті.

<https://ortcom.kz/kk/novosti/1729573956>



Марапатыңызбен құттықтаймыз

Облыс әкімі Марат Ахметжанов облыстық мәслихат депутаты, «Қоржынкөл-А» ЖШС бас директоры Абылқайыр Ошакбаевқа Ақмола аймағының, соның ішінде біздің ауданның дамуына үлкен үлес қосқаны үшін «Құрмет» орденін табыс етті.

Абылқайыр Тілеуғабылұлы, Сізді осы айтулы оқиғамен шын жүректен құттықтаймыз! Денсаулық, бақ-береке, жемісті еңбек, ортақ Отанымыз - Қазақстан Республикасының гүлденуі жолындағы барлық жобаларды іске асыруды тілейміз.

Поздравляем с наградой

Аким области Марат Ахметжанов вручил орден «Құрмет» депутату областного маслихата, генеральному директору ТОО «Қоржынкөл - А» Абылқайыру Ошакбаеву, внесшему большой вклад в развитие Акмолинского региона, в том числе и нашего района.

Искренне поздравляем

Вас, Абылқайыр Тлеугабылович с этим знаменательным событием! Желаем здоровья, благополучия, плодотворного труда, реализации всех проектов на благо процветания нашего общего дома, нашей Родины – Республики Казахстан.

По поручению Президента за счет возвращенных государству средств будут построены соцобъекты в Туркестанской и Акмолинской областях

Комиссией по возврату незаконных активов продолжается работа в рамках Закона «О возврате государству незаконно приобретенных активов». Все средства направляются в Специальный государственный фонд для дальнейшего перераспределения на социально-полезные цели. По поручению Главы государства Правительством принято решение о выделении средств из Спецфонда на реализацию первых двух социальных проектов по строительству спортивного комплекса в селе Зеренда Акмолинской области стоимостью 2,1 млрд тенге и музыкальной школы в селе Темирлан Туркестанской области на сумму 890 млн тенге, сообщает Primeminister.kz.

Данные инициативы нацелены на развитие социальной инфраструктуры в сельской местности для повышения охвата жителей образовательными и спортивными услугами. Так, в селе Зеренда Акмолинской области планируется строительство спортивного комплекса площадью более 6 тыс. м² с пропускной способностью свыше 80 человек в смену. Объект обеспечит досугом активное население – в районе свыше 14,5 тыс. человек систематически занимаются спортом. Согласно проекту, центр оборудуют для занятий борьбой, боксом, лыжными дисциплинами, оснастят необходимым оборудованием 2 тренажерных зала. В спорткомплексе также будут предусмотрены инвентарные и другие вспомогательные помещения,

необходимые для комфортного обучения и качественного восстановления спортсменов. В селе Темирлан Туркестанской области планируется строительство новой школы искусств на 300 мест. Имеющееся каркасное здание, построенное в 1974 году, не отвечает современным санитарным и пожарным требованиям и не подлежит капитальному ремонту. При этом на сегодня комплекс считается действующим – в центре обучаются до 420 детей, что в 2 раза превышает его текущую пропускную способность, преподают 45 педагогов. Новый проект позволит создать условия на селе для качественного дополнительного образования в сфере искусств. Дети получают возможность заниматься музыкой, хореографией в комфортных условиях. На сегодняшний день в Специальном государственном фонде саккумулировано 177 млрд тенге. Все эти средства будут направлены на строительство социальных и инфраструктурных объектов, другие социально значимые цели – в том числе реализацию проектов в сферах здравоохранения, образования, массового спорта и др. Комиссию по вопросам возврата государству незаконно приобретенных активов возглавляет Премьер-министр РК, рабочим органом является Комитет по возврату активов Генеральной прокуратуры РК.

<https://ortcom.kz/ru/novosti/1729573956>

Әлеуметтік қолдау шаралары – жас мамандарды ынталандыру құралдарының бірі ретінде

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 56 бабының 12 тармағында басшылық лауазымдарды атқаратын адамдарды қоспағанда, ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қолдау шаралары көрсетіледі делінген. Осы орайда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 30.09.2020 № 72 бұйрығымен «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары» бекітілді. Яғни, ауылдық жерде жұмыс істеп, тұруға келген мемлекеттік қызметшілерге көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға әлеуметтік қолдау көрсетілетін болады. Жергілікті өкілді орган жыл сайын көрсетілетін қызметті алушыларға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы шешім қабылдайды. Мысалы, Қағидаларға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес көтерме жәрдемақы 100 айлық есептік

көрсеткішке тең сомада, ал тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау, яғни бюджеттік кредит ауданның әкімшілік орталығы болып табылатын ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін 2500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын сомада, ал ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін 2000 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада айқындалған.

Бұл жерде жоғарыда аталған бапқа сәйкес, қосымша әлеуметтік қолдау шараларының басшылық лауазымдарды атқаратын тұлғаларға таралмайтынын және бұл қолдау шаралары тек мемлекеттік қызметтің Е-Г-3, Е-Г-4 санатындағы бас мамандар мен жетекші мамандарға қатысты екендігін атап өткен жөн. Ақмола облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мәліметіне сәйкес Қағидалар бекітілген уақыттан бері Ақмола облысында 54 мемлекеттік қызметшіге әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілді. Атап айтқанда, тұрғын үй салу немесе сатып алу үшін 15 мемлекеттік қызметшіге 71 388 000 теңге мөлшерінде бюджеттік кредит, 48 мемлекеттік қызметшіге 15 944 000 теңге мөлшерінде көтерме жәрдемақы төленді.

«Дипломмен ауылға!» жобасы 2009 жылы басталған. Сол уақытқа дейін әлеуметтік қолдау ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік

қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көрсетіліп келді. Жобаның негізгі мақсаты - ауылдық елді мекендердегі кадр әлеуетін күшейту, кәсіби мамандарды тарту. Сонымен қоса, мемлекеттік қызмет саласындағы заңмен мемлекеттік қызметшілерді «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңнамада айқындалатын тәртіппен тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғынжай жағдайларын жақсартуға мұқтаж қызметшілерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру, белгіленген тәртіппен мемлекеттік денсаулық мекемелерінде медициналық қызмет көрсетуді пайдалану мүмкіндіктері көзделген.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік органның штат кестесі қысқарған, таратылған жағдайда жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеу, қайта ұйымдастырылған жағдайда функциялары берілген басқа мемлекеттік органдан бұрынғы атқарған лауазымымен мәні бірдей лауазым, болмаған жағдайда өзге мемлекеттік лауазым ұсыну қарастырылған.

Думан Әбілев,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы

Мемлекеттік қызметтегі жастарға зор үміт артамыз

Тарихқа үңілсек, адамзат қоғамының барлық кезеңдерінде өзінің ұшқыр ойы мен тынымсыз еңбегі арқасында өз елін сол дәуірдің биік сатысына көтерген көшбасшы тұлғалардың ғибратты істеріне куә боламыз. Бұл әрбір елдің бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекет болып қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және оның дамуының өзегі – адам ресурстары екендігінің айғақ дәлелі. Сол себепті бүгінгі таңда мемлекеттік басқару ісіне жоғары моральдық жауапкершілікке ие, талантты, кәсіби білімі мен белсенді өмірлік ұстанымы бар азаматтарды жұмылдыру – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің алдында тұрған басты стратегиялық міндеттердің бірі.

Осы бағытта атқарылып жатқан қарқынды жұмыстар нәтижесінде жыл сайын өңірімізде мемлекеттік қызметшілердің сапалық құрамы жетіліп келеді. Атап айтқанда, облысымызда 4 мыңнан астам мемлекеттік қызметші жұмыс істейді, олардың 29,8% - 35 жасқа дейінгі жастар. Қызметшілердің 89,2% жоғары білімге ие. Олардың қатарында ғылым кандидаттары, «Болашақ» бағдарламасының, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектері, жоғары оқу орнынан кейінгі және шетелдік білімге ие тұлғалар бар. Мемлекеттік қызметшілер қатарын осындай бәсекеге қабілетті тұлғалармен толықтыру және мемлекеттік қызметке түсу процесін жеңілдету мақсатында қолданыстағы заңнамада «Б» корпусының кейбір мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурстан тыс тағайындау жағдайлары қарастырылған. Осыған орай Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментімен бірқатар конкурстан тыс тағайындауларға келісім берілді.

Бүгінгі таңда жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқуды жақсы нәтижемен (GPA 3,33) бітірген мамандар диплом алғаннан кейін бір жыл ішінде конкурстан тыс тәртіпте облыс орталығындағы мемлекеттік органдардан басқа мемлекеттік органдардағы «Б» корпусының кейбір мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады. Бұл норма білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандыруға, аудандық және ауылдық деңгейдегі кадрлар тапшылығы мәселесін шешуге бағытталған. Осы норма өз күшіне енген уақыттан бері Департаментпен Қосшы қаласының, Шортанды, Бұланды, Атбасар, Жақсы, Жарқайың, Қорғалжын, Егіндікөл, Есіл, Целиноград, Зеренді, Ерейментау аудандарының мемлекеттік органдарында төмен тұрған лауазымдарға жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келетін 21 жас маманды конкурстан тыс тағайындауға келісім берілді. Олардың қатарында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің, Л.Н.Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Семей қаласы Ш.Құдайбердиев атындағы университеттің, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің және Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің түлектері бар. Осы бағыттағы жұмысты жандандыру мақсатында Департаментпен еліміздің жоғары оқу орындарынан осы талаптарға сәйкес келетін түлектер тізімі сұратылып, 4 мыңнан астам түлектің кандидатурасы мемлекеттік органдарға ұсынылды. Сонымен қатар «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша конкурс өткізілместен орналасу мүмкіндігі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында жақсы нәтижемен (GPA 3,33) оқуын бітірген тұлғаларға берілді. Аталған түлектер оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде жергілікті атқарушы органдарда, мәслихаттар аппараттарында, тексеру комиссияларында, орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде (астана мен оның аудандарындағы жергілікті атқарушы органдардан, мәслихат аппараттарынан, ревизиялық комиссиялардан, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінен басқа) конкурстан тыс орналаса алады. Осы мүмкіндікті Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 4 түлегі пайдаланып, Департаментпен келісу арқылы Есіл, Жарқайың аудандары мен Көкшетау қаласындағы жоғары лауазымдарға конкурстан тыс тағайындалды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауылдық округтердің әкімдері өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде уәкілетті органмен келісім бойынша конкурс өткізбей «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады. Осылайша Департаментпен үш өкімді Атбасар және Біржан сал аудандарының әртүрлі лауазымдарына тағайындауға келісім берілді.

Сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес кандидаттарды уәкілетті органның келісімі бойынша конкурстық іріктеусіз «Б» корпусының жоғары лауазымдарына тікелей тағайындау мүмкіндігі көзделген. Бұл өз кезегінде бірінші басшылардың өз қызметкерлері үшін жауапкершілігін күшейтеді. Осы орайда Ақмола облысының цифрландыру және архивтер, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, сонымен қатар дене шынықтыру және спорт басқармаларының басшылары Агенттікпен келісу арқылы конкурстан тыс тағайындалды. Конкурстан тыс тағайындалу мүмкіндігіне ие тұлғалар қатарында Президенттік жастар кадр резерві мен Өңірлік кадр резервінің мүшелері

бар. Оларды лауазымдарға тағайындау бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүргізілуде. Мысалға, Департамент өкілдері облыс әкімі аппаратының персоналды басқару қызметімен бірлесіп, Президенттік жастар кадр резервіне алынған тұлғалармен кездесулер өткізіп, бос лауазымдар туралы өзекті ақпаратпен бөлісіп отырады. Аталған жұмыстың нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі негізінде Бурабай ауданы әкімінің 2024 жылғы 22 мамырдағы өкімімен 2023 жылғы Президенттік жастар кадр резервінің өкілі Мерей Рамазан Бурабай ауданы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды. Сондай-ақ Өңірлік кадр резервінің мүшесі Жақсыгельдина Әйгерім Темірболатқызы Ақмола облысы әкімі аппаратының ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі бас маманы лауазымына тағайындалды.

Жоғарыда айтылған заңнамалық нормаларға сәйкес конкурстан тыс қабылданатын кандидаттардың «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес келуі басты шарт болып табылады.

Жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту бағытында іске асырылып жатқан жобалардың бірі - Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі. Бұл жоба облысымызда 2018 жылдан бері іске асырылып келеді. Осы уақыт ішінде мектептің көптеген түлектері мемлекеттік қызметке түсіп, өздерінің білімі мен дағдыларын сүйікті ісінде қолдануда. Биылғы жылы осы мектептің түлегі Жандарбеков Әлімжан Елубайұлы жалпы конкурс арқылы Ақмола облысы білім басқармасының оқу-материалдық базасын нығайту және дамыту бөлімінің бас маманы лауазымына тағайындалды. Осыған дейін Әлімжан Жандарбеков қолданыстағы заңнаманы білуіне арналған тестілеуді сәтті тапсырып, мектептің таланттар пулына қабылданған болатын. Әрі қарай Департамент өкілінің консультативтік сүйемелдеуі арқылы пилоттық режимде eqyzmet.gov.kz порталы арқылы жалпы конкурсқа қатысып, 6 үміткердің ішінен жеңімпаз атанды. Бүгінгі таңда мектеп түлегіне білікті мемлекеттік қызметшілер қатарынан тәлімгер бекітіліп, жас маман өз қызметіне кірісті.

Осы өзгерістер мемлекеттік қызметтегі жастар үлесінің одан әрі артуына, мемлекеттік аппаратты облыстық, аудандық, ауылдық деңгейлерде кәсіби, біліктілігі мол, білімдерін іс жүзінде дұрыс қолдана алатын жаңа фармациядағы кадрлармен уақтылы толықтыруға оң әсер етіп жатқанын атап өткен жөн.

Думан Әбілев,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы

Ауылдық жердегі кәсіпкерлерге құқықтық қолдау: субсидиялар және жеңілдетілген салық салу

Қазақстандағы ауыл шаруашылығын дамыту азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен тұрақты экономикалық өсудің негізгі стратегиялық бағыты болып табылады. Мемлекет басшысы 2024

жылдың 2 қыркүйегіндегі Жолдауында: «Әрбір кәсіпкерлік субъектісі қандай қолдау түрлері бар екенін, оларды қалай ала алатынын білуі қажет. Сонда ғана шағын бизнес орта санатқа өтуге

көбірек қызығушылық танытады», – деп атап өтті. Мемлекет ауыл кәсіпкерлеріне субсидиялар, салық жеңілдіктері түрінде айтарлықтай қолдау көрсетеді. Бұл шаралар ауыл

шаруашылығы кәсіпорындарының тұрақтылығын арттыруға, олардың бәсекеге қабілеттілігін көтеруге және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған.

Құқықтық қолдаудың негізгі бағыттарының бірі – субсидиялар түріндегі мемлекеттік қаржылай көмек. Субсидия – бұл мемлекет немесе арнайы қорлар тарапынан нақты мақсаттарға бөлінетін қайтарымсыз қаржылай көмек. Субсидиялар келесі мақсаттарға беріледі: ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу; нысандарды салу және қайта құру; инфрақұрылымды, логистиканы дамыту; инновациялық технологияларды енгізу.

Субсидиялар келесі субъектілерге бөлінеді:

- фермерлер мен ауыл шаруашылығы өндірушілеріне;
- жеке қосалқы шаруашылықтарға;
- шағын бизнеске.

Субсидияларға өтінімдерді gosagro.kz, online.damu.kz, bgov.kz платформалары арқылы, сондай-ақ «Даму» қорының филиалдарына тапсыруға болады. Кәсіпкерлерге субсидиялау шарттарын мұқият зерттеу қажет, өйткені олар өңір мен бизнестің түріне байланысты өзгеріп отырады. Субсидиялау ережелері туралы толық ақпаратты жергілікті атқарушы органдардан, «Даму» қорының аймақтық филиалдарынан және халыққа қызмет көрсету орталықтарынан алуға болады. Мақсатты пайдалануды растау үшін сәйкес құжаттарды (шот-фактуралар, чектер, тауарлық жүкқұжаттар, орындалған жұмыстар актілері) ұсыну қажет. Мысалы, егер фермер өз өндірісін жақсарту үшін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға субсидия алса – ол бұл техниканы тек алқаптарды өңдеуге және дақылдарды өсіруге ғана қолдануы керек. Егер фермер бұл техниканы көрші шаруашылыққа жалға беруді немесе оны басқа қызмет түрлеріне пайдалануды шешсе, бұл субсидияны мақсатсыз пайдалану болып саналады. Егер өндіріс үшін шикізат сатып алынса, ол тек

өндірісте ғана қолданылуы керек. Субсидияларды алу үшін бизнеске қолайлы бағдарламаны таңдап, қажетті құжаттарды жинау қажет.

Субсидиялар «Даму» қоры арқылы жүзеге асырылатын «Шағын және орта бизнесті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы» аясында да бөлінеді. Бағдарлама аясында микро, шағын және орта бизнес субъектілері шығындарды өтеуге, айналым қаражатын толықтыруға, инвестициялауға немесе несиелерді қайта қаржыландыруға субсидиялар ала алады. Субсидиялардың ең жоғары сомалары кәсіпкерлік санатына байланысты: микрокәсіпорындар үшін 20 миллион теңгеге дейін, ірі бизнес субъектілері үшін 15 миллиард теңгеге дейін. Мемлекет бизнесті кеңейтуді жұмыс орындарын құру және салықтық түсімдердің өсуі арқылы ынталандырады. Ауыл кәсіпкерлерін қолдау 2023 жылдан бері іске асырылып келе жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында да жүргізіледі. Бағдарлама ауыл кәсіпкерлерінің табысын арттыруға және жұмыс орындарын ашуға бағытталған. Бағдарлама 2,5% жылдық сыйақы мөлшерлемесімен 5 жылға дейінгі мерзімге микрокредиттер беруді қарастырады, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін микрокредиттің мерзімі 7 жылға дейін ұзартылған. Бұл қаражатты әртүрлі мақсаттарға жұмсауға болады – мал сатып алудан бастап, ауыл шаруашылығы техникасы мен шикізатты өңдеуге арналған жабдықтарды сатып алуға дейін. Егер несие алушы жұмыс орындарын құру жобасына жеңілдетілген несие алған болса, бұл зейнетақы, сақтандыру және салық төлемдерінде керініс табуы керек.

2024 жылдан бастап агроөнеркәсіп кешенін субсидиялаудың жаңа жүйесі енгізіледі, ол фермерлерге қолдау көрсету қолжетімділігін арттыруды және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуды көздейді. Бұл шаралар өсімдік шаруашылығына, мал шаруашылығына және асыл тұқымды шаруашылықтарға қатысты болады, сондықтан фермерлерге

жаңа жағдайлар бойынша қандай көмек алуға болатынын түсіну маңызды.

Мемлекеттік органдар субсидиялардың мақсатты пайдаланылуын бақылап отырады, бұл тұрақты есеп беруді талап етеді. Субсидиялау шарттарын бұзу әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке, оның ішінде айыппұлдар мен субсидияларды қайтару міндеттемесіне әкелуі мүмкін.

Ауыл кәсіпкерлерін қолдаудың маңызды түрлерінің бірі – жеңілдетілген салық салу болып табылады. Қазақстанның Салық кодексі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен, өңдеумен және өткізумен айналысатындарға арналған арнайы салық режимдерін қарастырады. Фермерлер бірнеше салықтарды (жеке табыс салығы, әлеуметтік салық және т.б.) алмастыратын бірыңғай жер салығын төлейді. Қызмет түріне байланысты кәсіпкерлерге салық мөлшерлемелерін төмендету, жекелеген салықтарды төлеуден босату сияқты қосымша салық жеңілдіктері беріледі. Арнайы салық режимдері шетелдік заңды тұлғаларға, шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қолданылмайды. Режимге қатысудың міндетті шарты – меншік немесе жерді пайдаланудағы жер учаскесінің болуы, бал арасын өсірушілерге бұл талап қойылмайды. Арнайы режимдерді пайдалану корпоративтік және жеке табыс салықтарын, әлеуметтік салықты, мүлік және көлік салықтарын қоса алғанда, салық жүктемесін 70%-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді.

Осылайша, ауыл кәсіпкерлеріне құқықтық қолдау тұрақты бизнесті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік субсидиялармен жеңілдетілген салық салу шығындарды азайтуға, тәуекелдерді төмендетуге және ауылдық аймақтардың дамуына ықпал етеді.

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Құқық түсіндіру және үйлестіру департаменті**

Правовая поддержка предпринимателей в сельской местности: субсидии и льготное налогообложение

Развитие сельского хозяйства в Казахстане является ключевым стратегическим направлением для обеспечения продовольственной безопасности и устойчивого экономического роста. Глава государства в своем послании от 2 сентября 2024 года подчеркнул, что: «Каждый субъект предпринимательства должен легко ориентироваться и знать, какие есть виды поддержки, как он их может получить. Тогда малый бизнес будет больше заинтересован в переходе в категорию среднего».

Государство оказывает значительную поддержку сельским предпринимателям в виде субсидий, налоговых льгот. Эти меры направлены на повышение устойчивости сельскохозяйственных предприятий, их конкурентоспособности и защиту прав предпринимателей.

Одним из ключевых направлений правовой поддержки является государственная финансовая помощь в форме субсидий. Субсидия представляет собой безвозвратную финансовую помощь, выделяемую государством или специальными фондами на конкретные цели. Субсидии предоставляются на следующие цели: приобретение сельскохозяйственной техники; строительство и реконструкция объектов; развитие инфраструктуры, логистики; внедрение инновационных технологий.

Субсидии выделяются:

- фермерам и сельскохозяйственным производителям;
- личным подсобным хозяйствам;
- малому бизнесу.

Заявки на субсидии можно подать через платформы gosagro.kz., online.damu.kz., bgov.kz., филиалы фонда «Даму». Предпринимателям необходимо тщательно изучать требования к условиям субсидирования, так как они варьируются в зависимости от региона и вида бизнеса. Для получения подробной информации о правилах субсидирования можно обращаться в местные исполнительные органы, региональные филиалы фонда «Даму», а также в центры обслуживания населения.

Для подтверждения целевого использования средств необходимо представить соответствующие документы (счета-фактуры, чеки, накладные, акты выполненных работ). Например, если фермер

получил субсидию на покупку сельскохозяйственной техники для улучшения своего производства – он обязан использовать эту технику только для обработки полей и выращивания культур. Если же фермер решит сдать эту технику в аренду соседнему хозяйству или использовать ее для других видов деятельности, то это будет нарушением целевого использования субсидий. Если было куплено сырье для производства – оно должно быть использовано только для производства. Для получения субсидий необходимо выбрать подходящую программу для бизнеса, собрать все необходимые документы. Субсидии также выделяются в рамках «Единой комплексной программы поддержки малого и среднего бизнеса», реализуемой через фонд «Даму». В рамках программы субъекты микропредпринимательства, малого и среднего бизнеса могут получать субсидии на покрытие расходов, пополнение оборотных средств, инвестирование или рефинансирование кредитов. Максимальные суммы субсидий зависят от категории предпринимателя: для микропредприятия до 20 млн тенге, для крупных субъектов бизнеса до 15 млрд тенге. Государство стимулирует расширение бизнеса через создание рабочих мест и рост налоговых поступлений.

Поддержка сельских предпринимателей осуществляется и в рамках программы «Ауыл аманаты», действующей с 2023 года. Программа направлена на повышение доходов сельских предпринимателей и создание рабочих мест. Программа предусматривает выдачу микрокредитов по ставке вознаграждения 2,5% годовых, сроком – до 5 лет, срок микрокредита для проектов в сфере животноводства – до 7 лет. Потратить эти деньги можно на самые разные цели – от покупки скота для разведения до сельхозтехники и оборудования для переработки сырья. Если заемщик получил льготный кредит на проект с созданием рабочих мест, то это должно отражаться в пенсионных, страховых и налоговых платежах.

С 2024 года вводится новая система субсидирования агропромышленного комплекса, в которой заложено и увеличение доступности поддержки для фермеров, и сокращение коррупционных рисков. Меры коснутся и растениеводства, животноводства в целом и племенных хозяйств в частности, так что

фермерам важно разобраться, на какую помощь они могут рассчитывать по новым условиям. Государственные органы контролируют целевое использование субсидий, что предусматривает регулярную отчетность.

Нарушение условий субсидирования может привести к административным или уголовным санкциям, включая штрафы и обязательство возврата субсидий. Одной из важных форм поддержки сельских предпринимателей является льготное налогообложение. Налоговый кодекс Казахстана предусматривает специальные налоговые режимы для тех, кто занимается производством, переработкой и реализацией сельскохозяйственной продукции. Фермеры уплачивают единый земельный налог, заменяющий несколько других налогов (индивидуальный подоходный налог, социальный налог и т.д.). В зависимости от вида деятельности предприниматели получают дополнительные налоговые льготы, такие как снижение ставок налогов, освобождение от уплаты отдельных видов налогов. Специальные налоговые режимы не распространяются на иностранные юридические лица, на иностранцев, лиц без гражданства. Обязательным условием для участия в режиме является наличие земельного участка в собственности или землепользовании, за исключением пчеловодов, для которых это требование не действует. Использование специальных режимов позволяет снизить налоговую нагрузку на 70%, включая корпоративный и индивидуальный подоходные налоги, социальный налог, налог на имущество и транспорт. Таким образом, правовая поддержка для предпринимателей в сельской местности играет ключевую роль в создании устойчивого бизнеса. Государственные субсидии и льготное налогообложение позволяют снижать затраты, минимизировать риски и способствуют развитию сельских регионов.

**Министерство юстиции
Республики Казахстан
Департамент праворазъяснения
и координации**

Спорт және денсаулық



Егіндікөл ауданы жастар ресурстық орталығы «Жаттықтырушы күні» мерекесіне орай үстел теннисінен жастар арасында ашық турнир өткізді. Турнирге ауданымыздың 18 теннисісті қатысты оның ішінде үш жаттықтырушы, аудан тұрғындары, колледж студенттері және жоғарғы сынып оқушылары қатысты. Үшінші орынға футбол жаттықтырушысы Оспанов Алишер мен Байгабулов Альфараби жарысты, тартысты ойында Байгабулов Альфараби жеңіске жетіп 3 орынға ие болды. Финалдық кездесуге бокс жаттықтырушысы Ақылберген Иманғали мен Агротехникалық колледж студентті Смагулов Ержан таласқа түсті, тартысты бәсекеде Смагулов Ержан 3:0 есебімен ауданымыздың чемпионы атанды.

Жастар ресурстық орталығы

«Экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» РММ 15-дан № 117-нқ бұйрығымен 15. 2024 жылы Егіндікөл, Тоғанас, Ұзынкөл, Полтавское, Буревестник, Спиридоновка, Қоржынкөл, Бауманское ауылдарының тарату желілері бойынша су беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге тариф және тарифтік смета, сараланған тарифтер бекітіліп, 2024 жылғы 1 қарашан бастап қолданысқа енгізілді.

Егіндікөл ауылы, Тоғанас ауылы, Ұзынкөл ауылы, Полтавское ауылы, Буревестник ауылы, Спиридоновка ауылы, Қоржынкөл ауылы, Бауман ауылы тарату желілері бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге сараланған тарифтер қолданысқа енгізіледі 2024 жылғы 1 қарашан бастап.

№ р/с	Тұтынушылар тобы	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі	Құзіретті органмен қабылданды
1	1-топ	халық	теңге	350,3
2	2-топ	басқа тұтынушылар-бірінші және үшінші топтардың құрамына кірмейтін заңды тұлғалар-екінші топ	теңге	534,35
3	3-топ	бюджет қаражаты есебінен ұсталынатын ұйымдар-үшінші топ	теңге	2494,5

Приказом РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Акмолинской области» за № 117-ОД от 15.10.2024 года был утвержден тариф и тарифная смета, дифференцированных тарифов на регулируемые услуги по подаче воды по распределительным сетям с. Егіндікөл, с.Тоғанас, с. Узынкөл, с. Полтавское, с. Буревестник, с.Спиридоновка, с. Коржынкөл, с.

Бауманское, с вводом в действие с 1 ноября 2024 года. Дифференцированные тарифы на регулируемые услуги по подаче воды по распределительным сетям с. Егіндікөл, с.Тоғанас, с. Узынкөл, с. Полтавское, с. Буревестник, с.Спиридоновка, с. Коржынкөл, с. Бауманское вводятся в действие с 1 ноября 2024 года.

№ п/п	Группы потребителей	Наименование потребителей	Единица измерения	Принято уполномоченным органом
1	1-группа	население	тенге	350,3
2	2-группа	прочие потребители-юридические лица, не входящие в состав первой и третьей групп-вторая группа	тенге	534,35
3	3-группа	организации, содержащиеся за счет бюджетных средств- третья группа	тенге	2494,5
		Среднеотпускной тариф	тенге	400,36

Правила пожарной безопасности в отопительный сезон



В период отопительного сезона причиной возгораний являются грубые нарушения правил пожарной безопасности при эксплуатации отопительных систем и установок, а в особенности печного отопления, которое зачастую эксплуатируется с трещинами в дымоходах, без разделок до сгораемых конструкций стен, перегородок и перекрытий, а также без предтопочных листов. Оставленные над печами для просушки домашние вещи и другие сгораемые материалы также приводят к огненным трагедиям. Немало пожаров происходит из-за нарушения правил пожарной безопасности при эксплуатации электроприборов, неисправного электрооборудования, самодельных электроустановок и перегрузки электросети. Самый распространенный электрический виновник – электрообогреватель: выгорит всего несколько метров в помещении, а последствия самые страшные – гибель людей. Соблюдение самых простых правил пожарной безопасности может спасти вам жизнь и предупредить пожар. Крайне рискованно оставлять без присмотра топящиеся печи, а также поручать надзор за ними малолетним детям; располагать топливо, другие горючие вещества и материалы на предтопочном листе; топить углем, коксом и газом печи, не предназначенные для этих видов топлива. Следует не забывать также и некоторые правила эксплуатации бытовых электрических приборов и установок. Опасно эксплуатировать провода и кабели с поврежденной или потерявшей защитные свойства изоляцией; пользоваться поврежденными розетками, другими электроустановочными изделиями; обертывать электролампы и светильники бумагой, тканью и другими горючими материалами; пользоваться электронагревательными приборами без подставок из негорючих материалов; применять нестандартные электронагревательные приборы, использовать некалиброванные плавкие вставки или другие самодельные аппараты защиты от перегрузки и короткого замыкания; оставлять без присмотра включенные в сеть электрические бытовые приборы.

ОЧС Егіндыкольского района

SOS от ветеринарии



1 июня 2023 года было запущено мобильное приложение «TortTulik» для владельцев сельскохозяйственных животных. Данный проект был разработан МСХ РК совместно с аналитическим центром экономической политики в АПК. **Преимущества мобильного приложения «TortTulik»:** помощь для расширения базы сельскохозяйственных животных;каждый владелец животного (КХ, ТОО, ЛПХ и другие) может провести инвентаризацию поголовья; возможность ветеринарным врачам своевременно и в полном объеме проводить ветеринарно-профилактические мероприятия. Мобильное приложение работает на смартфоне в онлайн режиме. В случае отсутствия интернета данные обновятся при подключении к сети. **Возможности мобильного приложения:** получение ветеринарного паспорта; в будущем - совершение купли-продажи скота во вкладке «sogum.kz», замены бирки при утере, снятие животное с учета после убоя;рассылки последних новостей отрасли; уведомления о предстоящей вакцинации; во вкладке «sogum.kz» - заказ у сельхозтоваропроизводителя туши скота, прошедшую ветеринарный контроль; Согласно приказа МСХ РК № 379 от 11.10.2024 г. с 14 октября 2024 года по 31 декабря 2024 года запущен новый функционал мобильного приложения - Подача электронной заявки на карантинирование животных для экспорта

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru

Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі. Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін.	Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты.	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшық Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.
--	---	--	--	---	--